

3. Шаймуханова С.Д., Макалаков Т.Ж. Вклад спецпереселенцев и депортированных народов в развитие экономики Центрального Казахстана//Современные проблемы науки и образования, №3-2012, С.

4. Земсков В.Н. Кулацкая ссылка в 30-е годы //Социологические исследование. — 1991. — № 10.

5. Алдажуманов К.С. и Алдажуманов Е.К. Депортация народов – преступление тоталитарного режима. - Алма-Ата, 1997.

6. <https://tass.ru/politika/1136038>

III-IV МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ

*Амантаева Н.А., 2-курс магистранты
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ, Қазақстан*

XX ғасырдың басында қазақ зиялылары ел арасында туындаған мәселелерді шешуде қозғалысты либералды реформалар үшін күрес бағытына бағыттауға тырысты. Олар бұл ретте қазақ қауымын сырттан келетін қауіптерден қорғайтын заңдарды қабылдау мақсатында Мемлекеттік Думаға қатысу мәселелеріне басты назар аударды. I және II Мемлекеттік Думаға сайланғандардың барлығы халық арасында ерекше құрметке ие болды. Бірақ, I-ші Думаға сайланған қазақ депутаттары кейбір жағдайларға байланысты толықтай Дума жиындарына қатыса алмады. Дума небәрі 72 күн ғана жұмыс жасаса да, А. Бірімжанов жер мәселесі туралы ескертулерді Думада талдап үлгерді. II Мемлекеттік думаға қазақ депутаттары толық құрамда келіп, қазақ қоғамындағы өзекті мәселелерді талдауды қолға алды. Алайда, бұл «ұлттық» бастамаларға наразы болған Николай II думаны таратып, «жаңа үлгідегі» Думаны құру туралы жарлық шығарды. Атақты «3 маусым жарлығы» негізінде қазақтар «надан» халық ретінде танылып, Дума трибунасынан сөйлеу құқығынан айрылып қалды. Бұл жағдай қазақ зиялыларын ұлт мүддесін қорғауда басқа жолдар іздестіруге ынталандыра түсті.

Міржақып Дулатов «Үшінші июнь законы һәм қазақ» мақаласында патшалық үкіметтің бұратана халық өкілдерінің жұмысын сыныққа сылтау іздегендіктен туған айла екенін оқырманға дәлелді жеткізген. «Қазақты үкімет «надан» деп сылтау қылса, әуелгі екі Думадағы қазақ депутаттарының көбі надан емес еді. Оқыған, шешен, қазақ жайын жақсы білетін адамдар еді» [1, 48 б.].

Қазақ халқы өз наразылығын танытып, депутат сайлануы керек деп талаптарын білдіргенде ішкі істер министрі В. Маклаков бір сөзінде «Қазақ халқының надандығын әуелгі екі Думаның сайлауы көрсетті, бұлар әлі де надандықтан құтылған жоқ» - деп қазақтан депутат сайлауды қабыл етпеген еді.

Осы кезеңде қазақ зиялылары мұсылман фракциясы тарапынан қолдау сұрап, өз талап-тілектерін Мемлекеттік Думаға жеткізіп отырған. Алайда мұсылман фракциясына берілген деректер толық болды деп айтуға болмас. Оған дәлел, «Қазақ» газетінде жарияланған фракция өкілі Құтлұғ Мұхаммед Тевкелевтің хатында «Қазақтар өздері бізге жәрдем етерге керек еді, бірақ олар елдерінде машақат ішінде зарланып жатса да, араларынан тура бізге халдерін түсіндіріп жеткізгендері жоқ дерлік. Бірлі-жарымды бізбен хабарласқандары болса да, олар да тұрмыстарына, шаруаларына келген кемшіліктерін дәлелмен көрсете алмайды. Мысалы, айталық, жер хақында. Түгел көрсетерге керек: алынған жер қай облыста, қай орында, кімнің жері, қанша жер, ол жерді қай ретпен һәм кім алды? Міне, осылардың толық дәлелін айтпаса, Дума мінберіне шығып: «Қазақтарды қысып жатыр, жерлерін тартып алып жатыр...» деген бос сөзден пайда шықпайды» [2, 49-50 б.] - дей келе, соңында өз мекен-жайларын қалдырған.

Бұдан бөлек, қарапайым халық та өз талаптарын патша өкіметіне жеткізуі үшін барлық шараларды қабылдай білді. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы №1 санында: «Орал облысының қазақтары патша хазіретінің атына телеграм беріп, той қуанышының үстінде тілек тілепті. Сұраған нәрселері мынау: әуелі - қазақ халқына уақытша жабылған Государственная Думаның есігін ашу. Екінші - қазақ жеріне ауған мұжықтардың келуін тоқтату. Үшінші - қазақ облыстарында мұфти болуды сұраған. Басқа облыстардың қазақтары бұл сұраған нәрселерін ұнатса, үндерін қосарға керек» - деген қысқаша үндеуі жарияланған [2, 25 б.]. Осы деректен жер мәселесінен бөлек дін мәселесі де сол кезде өзекті мәселе болғанын аңғаруға болады. Оған дәлел, 21 ақпанда қазақ халқы Ақтөбе мешітінің алдында Ромоновтар әулетінің 300 жылдық мерейтойын тойлауға жиналған кезде патша өкіметіне әр болысқа мұсылманша-орысша мектеп ашу және дін істерін реттеу сынды өз тілектерін жеткізуді өтінген.

Түркістан генерал-губернаторы Куропаткин өз күнделігінде 1916 жылғы 10 қарашасындағы жазбасында қазақ жері туралы сөз қозғаған. Ол былай деп жазды: «Киргизы последние 30 лет и особенно последние 12 лет теснились во всех направлениях. У них с 1904 года только по Семиреченской области отобрано несколько миллионов десятин земли, без разбора, нужны или не нужны жизненно эти земли киргизам... Особенно для меня необъяснима,— продолжает он,— отдача в 1913, 1914 и 1915 гг. одного миллиона восьмисот тысяч десятин в Семиреченской области под скотоводство различным лицам, в том числе полицеймейстеру г. Верного Протикову —10 тыс. десятин. Боюсь, что это будет хуже знаменитых «башкирских земель». Мы сами не знаем, куда клоним. Обращая киргиз к оседлой жизни, наделяем их только пахотной землей, а скотоводческие участки—1800 тысяч десятин—отдавали аферистам, не киргизам. В то время во всех областях края шла вакханалия с лесными площадями края. Их хозяевами по существу являлись местные объездчики, которые стали всеми силами теснить киргизов, туркмен и сартов. Их теснили в пользовании не только на участках, отобранных в казну, но и на участках, оставленных в пользование населения как кочевого, так и оседлого» [3, 86 б.].

Ә.Бөкейханов «Айналма» атты мақаласында: «Законда мұжық сыбағасы - наделі ер басына 15 десиатинага шейін деген сөзге сүйеніп, мұжық сыбағасын бұрын беретін 15-ті 7-8-10 десиатина қылып пұштитып, бұрын екі мұжыққа берілетін жерге 3-4 мұжықты тығып отыр. Міне, бір айналма. Қазақ жерінде мал бақпаса, пайда бермейтін көп жер бар... Жақсы жерді мұжық алған соң, қазақ мал жеріне қысылған соң бұл мал жері деп қазақ пайдасына қалдырған жер кескен, кесілмеген оброшнайа статиалар пайда беретін болып тұр, бұл жерлерді мал бағамын дегі сұраушы бар» [2, 376-377 б.] - деп қазақтардың өз жеріне деген мұқтаждықтарын көрсете білген.

Куропаткин айтқан «аферистерді» Әлихан өзінің «Төртінші Дума һәм қазақ» атты мақаласында тереңірек қарастырады. Ол «Степное положениенің» 136-бабын қарастыра отырып, дін белгісімен қазақ жерін христиандарға берудің дұрыс еместігін сынады. Жерді тек христиандарға беремін десе, діні басқа ұлтта алаяқ болатынын Хахол жұртының мақалымен келтірген: «Қай діндесің деп хахол жұртынан сұраса, бұл бишара жауап берген: «Май берген діндемін» деп [2, 257 б.]. Осы жағдайды Думаға жеткізетін қазақ халқынан депутаттар сайланбауына Әлихан қатты ашынды.

Мемлекеттік Думаның «Степное положениенің» 136-бабын қарастырғаны туралы хабар 1914 жылдың 9 наурызындағы №53 санында берілген жаңа закон туралы қысқаша ақпарат болды. Ол бойынша 4 облыстың (Ақмола, Торғай, Семей және Орал) қазақтарың екіге бөлу қарастырылды: отырықшы және көшпелі.

Осылай қазақтар «өздерінің» және қанаушылардың екі жақты қысымына ұшырады, бұл олардың негізгі шаруашылығының қирауына әкелді. Егер қазақ бұқарасының жекелеген қабаттары көшпеліліктен отырықшы күйге ауысса, онда оларды автократияның отаршылдық саясаты басып озып, оларды өңделген жерден аяусыз қуып жіберіп, қайтадан көшпеліге айналдырып отырды. Алайда, отырықшылыққа ауыстырғанда олардың жер

жағдайын ескерген билік басынан адам болмады. Ол жөнінде қарапайым халықтың ойы сол кезеңдегі баспа беттерінен жиі көрініс тауып отырды. «Түркістан жағындағы қазақтарды отырықшы ету турасында кеңес болады деп естіледі. Қалай еткеніміз пайдалы болар екен, бұл турада жер жайын жақсы білетін адамдардың пікірін білсек екен деген сөздер естіледі ... Отырықшы болып көру жердің түріне қарай, суарып егін не жоңышқа егіп отырған жерлерде, нормасы (мөлшері) жеткілікті болса, күн көруге болады. Бұл күнде су жіберілмеген, тегінде су жіберсе егін егуге жарайтын жерлерге болса, ондай жерлерде де, нормасы жеткілікті болса, отырықшы болып күн көруге болады. Бұл екі түрдің бірінде де болмаған жерде, әрине, отырықшы болып тіршілік ету қиын» [2, 35 б.].

Осы қарастырылған жағдайлардың демографиялық жағынан салдары өте ауыр болды. Оны IV Думада Забайкал депутаты Волков пен Баку депутаты Жағыпаров өз сөздерінде қазақтардың жер мәселесі тарапынан дәлелдей келе, қазақтардың жерден қысылып, басқа жаққа қоныс аударып жатқанын айтқан.

III Дума тұсында Орынбор мен Астрахан губернияларында земства ашылуы туралы заң жобасы шыққаннан кейін, қазақ зиялылары жақын арада бізде де құрылып қалуы мүмкін екендігін халыққа ертерек ескерткісі келді. М. Дулатовтың «Земства не нәрсе» деген мақалаларында қарапайым халыққа земстваның не екенін, оның қандай артықшылықтары бар екенін түсіндіру үшін бірнеше рет баспа беттеріне ақпарат жариялап отырған («Қазақ» газетінің №29, 31, 32, 34, 36, 38, 39, 41, 44 сандарында).

Ә. Бөкейханов «Қазақ» газетінде жер мәселесінен бөлек, дін мәселесі туралы жазып отырған. 1914 жылғы №48 санында 5 миллион қазақтың шарауашылығын бөлек қойып, дініне қол салған Синод ісін қайта қарауды ұсынған мақалалары жарық көрген.

Қазақ зиялылары қазақтардың халық сотын құр мазақ үшін сот демесе, оларға келіп-кететіні жоқ екенін жақсы түсінді. «Қазақ» газетінің №52 санында жарық көрген «Билік» атты мақаласында халық билігін өзгертуді, халық сотын қайта қарауды ұсынды. Ол бойынша қазақ зиялыларының өзіндік ойы болды: «Бұлай ету үшін, әуелі, қазақ заңында қандай жол, жора, ережелер бар. соларды жию керек. Екінші - соларды қорытып, реттеп, ескіргенін жаңалап, ұнамсызын ажарлап, кем жерлерін толықтырып, өңдеп, тәртіпке салмақ. Үшінші - қандай билер болмақ; олар қалай сайланбақ, жолдан шыққан билерді кім қайырып жолға салмақ. Осы туралы қазақ басқармасына мағлұмат және пікірлер жимақшымыз». Осылай айта келе, өздері сенімді деген 22 ақсақалдың тізімін жасаған [4, 77 б.].

III Мемлекеттік Дума империя халықтары арасында «ағартушылық думасы» деген атқа ие болды. Осы кезеңде қазақтардың білім төңірегіндегі мәселелері мұсылман фракциясы тарапынан қолдау тауып, мектеп, тіл тақырыптары өзекті бола бастады. Өз кезегінде А. Байтұрсынов бастаған қазақ зиялылары әрдайым білім мәселесін қозғап, баспа беттерінде балаларды білім алуға шақырып отырған. Алайда, қарапайым халық өз балаларын «шоқынып кетеді» деген қауіппен орыс мектептеріне беруге жүрексінді. Академик В. Бартольдтың «История культурной жизни Туркестана» атты еңбегінде XX ғасырдың басындағы орыс-қазақ мектептеріндегі қазақ балаларының көп болмағандығы жазылады: «...Число воспитанников-туземцев правительственных школах с годами иногда не увеличивалось, а уменьшалось. В Ташкентских гимназиях мужской и женской, это число достигло высшего предела: к январю 1883 г. — 20 мальчиков из 286 (7 процента) и 10 девочек из 333 (3 процента), января 1896 г. ...было всего 10 мальчиков из 327 (3 процента) и 8 девочек из 377 (2 процента) по сведениям 1909 г. воспитанников-мусульман было около 2 процентов в мужской гимназии и около 1 процента в женской» [1,12-13 б.].

Куропаткиннің күнделігінде қырғыздардың (қазақтар) білім алу үшін берген үлкен шығындары дұрыс жұмсалмағаны айтылған. Олар жергілікті орыс мектептері балаларына орыс тілін дұрыс үйретпеді, жақсы мектеп сұрады деп шағымданды. [3, 87 б.]. Осы жағдайды Ә. Бөкейханов «Ничьи деньги» атты мақаласында нақтылап кетеді. Қазақтардың ақшалары білімге емес, басқа халықтардың мұқтажына жұмсалып

жатқанын ашып көрсете келе, билікке деген өз ұсынысын осылай келтіреді: «В 1905 г. киргизы Семипалатинской области в своих петициях на Высочайшее имя просили привести этот капитал в известность (отчеты степного генерал-губернаторства не публикуются, а в губернаторских обзорах Семипалатинской области нет следов этого капитала) и употребить его на обучение киргизских детей в русских школах, на создание пансионов при Омской и Семипалатинской гимназиях» [5, 6 б.]. Әлиханның дерегі бойынша, Семей облысында 700 мың қырғыз бар: ерлер гимназиясында бірнеше бала оқыса, қыздар гимназиясында бір қыз жоқ. Бұл бір ауыз сөз барлық қазақ арасындағы білім мәселесінің төмендігін көрсеткендей.

1913 жылғы «Қазақ» газетінің №17 санында Аққағаз Досжанқызының Оренбург қыздар гимназиясын аяқтағаны туралы хабар берілген. «Ер балаларын бұрын орысша оқытудан қашқан қандай лаққандық болса, бұл күнде әйел балаларын орысша оқытудан қашу да сондай адасқандық» [2, 174 б.]. Осылай қазақ зиялылары қыздар гимназиясының пайдалы мекеме екенін атай келе, онда қазақ қыздарының оқымауын өзекті мәселе ретінде қоя білді.

IV Мемлекеттік Думаның сайлануы мен шақырылуымен «әскери қызмет туралы Жарғыны» өзгерту туралы заң жобасын мақұлдаудың жаңа мүмкіндігі пайда болды. 1916 жылы 24 қаңтарда «Қазақ» газетінің №166 санында әскери қызмет туралы бірнеше адамдардың пікірлері жарық көрді. Алайда, онда қазақтардың әскерде қызмет еткісі келетіні немесе қаламайтындығы туралы мәселе мүлдем қарастырылмады, барлығы олардың қандай формада — жаяу немесе атпен қызмет ететіндігі туралы мәселеге қызығушылық танытты.

Бұл жөнінде 9 ақпандағы санында басқа ұлттарды мұсылман органдары арқылы мобилизацияға жұмылдырылғандарды метрикалық тіркеуге шақыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, тек атты әскерде қызмет етуге рұқсат беру және әскери мен жер мәселелерінде қазақтар мен казактарды теңестіру үшін «үкіметпен, Думамен келіссөздер жүргізу және оларға қазақ халқының пікірін жеткізу» мақсатында барлық облыстардың өкілдері қатынаскан делегацияны жіберу ұсынылды. «Осы мәселелерді шешу үшін Петроградқа Бірінші Мемлекеттік Думаның бұрынғы мүшесі А. Бөкейханов, «Қазақ» газетінің редакторы А. Байтұрсынов пен қырғыз (қазақ) И. Бегімбетов аттанды» [6, 36 б.].

Ә. Бөкейханов халыққа өз еркімен басқарылатын казак әскери құрамаларының мысалында атты әскерде қызмет етуді ұсынды. Ерікті казак қызметі, оның пікірінше, ол кезде көшпелі қазақтар үшін қарапайым әскери қызметпен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие еді. Біріншіден, қазақ үшін атқа міну — ұлттық дәстүр және күнделікті өмір салты. Екіншіден, 18 жасқа толғаннан кейін казак 3 жылдық әскери дайындықтан өткеннен кейін ғана казак болады және 21 жастан бастап 12 жыл бойы белсенді әскери қызмет атқарады. Бейбіт уақытта казак осы 12 жылды өз ауылында өткізеді, әр жазды туған жерінде, әскери оқу-жаттығу жиындарында 3-4 ай ғана өткізеді. Осылайша, Ә. Бөкейханов түсіндіргендей, 12 жылдық нақты әскери қызметтен казак бұл жиындарда небәрі 3-4 жыл өткізеді. 12 жыл еңбек сіңіргеннен кейін казак 38 жасында резервке шығады. Осы арқылы қазақтар өздерінің тұрмыс-тіршілігінен қол үзіп қалмайтындығын түсіндірді.

Бұл идеяны белсенді қолдау себептерінің бірі қазақтар мен казактардың, оның ішінде жерге қатысты құқықтарын теңестіруге ұмтылу болды. Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары өте дәйекті түрде қорғаған ұлттық теңдіктің барлық табанды талаптары олардың мақсаттарының біртұтас Ресей мемлекеті шеңберіндегі ортақ саяси процеспен тікелей байланысын айғақтады.

«Әскери қызмет туралы жарғының» пысықталған нұсқасында тек қазақтар үшін ғана емес, Ресейдің барлық мұсылман халықтары үшін де әскери қызмет еңгізу көзделген. Алайда, III Мемлекеттік Дума «әскери қызмет туралы Жарғыны» өзгерту туралы заң жобасын ешқашан қабылдамай, өз жұмысын аяқтады.

Ресей империясының бірінші дүниежүзілік соғысқа кіруі өзімен бірге отаршылдық езгінің күшеюіне әкелді, бұл салықтардың өсуінен және жерді тартып алудың жаңа тәсілдерінен көрінді. Сонымен бірге, бұл оқиға Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсынов бастаған ұлттық зиялы қауым өкілдеріне Қазақстанға және қазақтардың әскери қызметіне қатысты саясат мәселелері қайта қаралатынына үміт ұялатты. Бұл соғыста жеңіске жеткен және қазақтар оған империяның тең құқылы бөлігі ретінде қатысқан жағдайда ұлттық автономия құру туралы идеяларды жүзеге асыруға болатындығына байланысты болды.

Қорытынды. XX ғасырдың басында түрлі саяси оқиғалар нәтижесінде қалыптасқан Мемлекеттік Дума империя халықтары үшін жарқ еткен сәуле еді. Бұл көзі ашық азаматтарға халық атынан сайланған депутат ретінде трибунадан ел мүддесін қорғаудың бір мүмкіншілігі бола білді. Мемлекеттік Думаның трибунасынан қазақтардың өздерінен алынған жайылымдарды, қыстақтарды, егістіктерді, шабындықтарды, ормандарды қайтару, қазақтар алып жатқан барлық жерлерді олардың меншігі деп тану, бүкіл дала өлкесінде земствоны, әскери қызметке шақыруды енгізу және т.б. өзекті мәселелерді көтеруі қазақ зиялылары үшін саяси өсуге, идеологиялық күрестің алғашқы тәжірибесі мен либералды идеялармен жақын танысуына алып келді. Қазақтардың Думаға қатысуы патша әкімшілігінің империялық отарлау амбицияларына қарсы күрестегі кезекті маңызды қадамдарының бірі бола білді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әбдіманов Ә. «Қазақ» газеті — Алматы: Қазақстан, 1993. — 168 бет.
2. «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИ. 1913 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. - Алматы : « Арыс» баспасы , 2009. — 480 бет.
3. Красный архив. Том 3 (34). 1929 год. – Москва - Ленинград: Государственное издательство, 1929. – 240 с.
4. «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИ. 1914 жыл /Құраст.: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаева. Алматы : « Арыс» баспасы, 2009. - 504 бет.
5. Букейханов А. (V) Ничьи деньги // Сибирские вопросы. – 1908. – 16 декабрь. - № 47-48. – 6-8 стр.
6. Брайнин С., Шафири Ш. Очерки по истории Алаш-Орды / Под ред. Н.Н. Ванаг. Алма-Ата; Москва: Казахстанское краевое издательство, 1935. — 148 с.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1937-1938 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕПРЕССИЯНЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЗАРДАПТАРЫ

*Есенбаев А.Д., тарих факультетінің I – курс магистранты
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

Қоғамда әміршілдік-әкімшілдік жүйе идеологиясы өз жемісін бере бастаған 1929 жылы И.Сталин «Ұлы бетбұрыс» жылы деп аталды. Партиялық мерзімді басылымдар коммунистік саясат пен идеологияны насихаттаумен қатар, партия көсемін мақтап мадақтаудың ерекше үлгісін көрсетті. «Ұлы данышпан» Сталинді қазақ халқы ғана емес, бүкіл кеңес жұрты жырға қосты. Орталық басылымның жолынан ауытқымайын дегендей, басқа ұлт тілінде шығатын мерзімді басылымдар «Правда» газетінің «Сталин жолымен» деген тақырыпта көсемге арналған өлеңдер топтамасын аударып басты.

Ленинен кейін Сталиннің билікке келуі КРСО да түбегейлі өзгеріске алып келді. Сталин үкіметі жүргізген зұлаMAT 1937 жылы шарықтаған шегіне жеткен еді. Ол өз пікіріне, әркетіне қарсысының көзін құртып, партияны өзінің бағытына жұмыс істеуге жұмылдырды. Елдегі «жауларына», оппозициялық күштерге қарсы жазалаушы оған Ішкі